



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №14 (10 320) ● 17 сәуір ● жұма ● 2026 жыл ● aksuoniri@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарлары туралы баяндалды. Бейбіт Исабаев 2025 жылдың қорытындысы бойынша барлық негізгі мақсатты индикаторға қол жеткізілгенін айтты. Өңірге 610 миллиард теңге инвестиция тартылған, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,8 пайызға артық. Президентке агроөнеркәсіп кешенін дамыту жоспары таныстырылды. Ауыл шаруашылығы дақылдары, соның ішінде қант қызылшасы алқабы кеңейді. Ақсу және Көксу қант зауыттарының өндірістік қуатын 2 есеге арттырып, 950 мың тоннаға жеткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2027 жылға дейін құны 94,4 миллиард теңге болатын 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Атап айтқанда, құс фабрикалары, мал бордақылау алаңдары, балық және жылыжай шаруашылықтары мен басқа да жобалар бар. Өнеркәсіп саласында соңғы үш жылда 29 жаңа нысан іске қосылып, 7 кәсіпорын кеңейтілді, соның нәтижесінде 1841 жұмыс орны ашылды. Мемлекет басшысына инфрақұрылымды дамыту жайында мәлімет



берілді. Өңірді газдандыру деңгейі 67,2 пайызға жетті. «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры тартылып, 650 мыңнан астам тұрғыны бар 210 елді мекен көгілдір отынға қол жеткізеді. Облыстың туризм саласындағы мүмкіндіктерін кеңейту бағытында жұмыстар жалғасуда. Алакөл, Балқаш жағалауларында туристік нысандарға баратын жолдар салынып, ауыз су, электр желісі, көріз жүйелері тартылды. Жағалауларды бекіту шаралары қолға алынды. Бұрқанбұлақ сарқырамасына апаратын 31 шақырымдық жол жаңартылып жатыр. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өңірде үш экопарк салып, 121 мың ағаш егу көзделген. Мемлекет басшысы облыс әкіміне Қытай Халық Республикасымен шекаралас «Достық» бекетіндегі және «Қорғас» арнайы экономикалық аймағындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ Алакөл, Балқаш көлдері жағалауындағы демалыс орындарын, тау туризмін қарқынды түрде дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды дамыту және жас зерттеушілерді қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат аясында Ғылым қызметкерлері күніне орай 10 жас ғалымға пәтер кілтін табыстады. Тұрғын үйлер Алматы және Астана қалаларынан өтеусіз негізде берілді. Бүгінде Алматы қаласында баспана алған жас ғалымдар толық жабдықталған пәтерлерге қоныстанып үлгерді. Қоныс иелері жасалған қолайлы жағдайлардың ғылыми және кәсіби қызметке алаңсыз көңіл бөлуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Жас зерттеушілер өздерінің шынайы қуаныштары мен мемлекетке деген ризашылықтарын білдірді. Ғалымдарды марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы ғылымның әлеуеті елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және халықаралық аренадағы беделін нығайтудың негізгі факторына айналып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, ғылым мен білімге инвестиция салған мемлекеттер әлемде алдыңғы қатардан көрінеді. Сонымен қатар Президент отандық ғылымның болашағы жаңа идеялар ұсынып, ел дамуына серпін беретін дарынды, мақсатшыл әрі зияткер жас буынның қолында екеніне тоқталды. Қазіргі таңда 600-ден астам жас ғалым баспанамен қамтылды. Бұдан бөлек, олар үшін арнайы гранттар қарастырылған, сондай-ақ біліктілікті арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында ғылымдамадан өту мүмкіндіктері бар. Жаңа пәтер иелерінің қатарында еліміздің жетекші ғылыми ұйымдарының өкілдері бар. Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті Жылуэнергетика және физика кафедрасының аға оқытушысы, PhD Мадина Құмарғазина Scopus халықаралық базасында жарияланған ғылыми еңбектердің авторы, сондай-ақ,

ПРЕЗИДЕНТ ТАБЫСТАҒАН ПӘТЕРЛЕРГЕ ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚОНЫСТАНДЫ



Қазақстанның 10-нан астам және бір Еуразиялық патенттің тең авторы. Оның зерттеулері энергия тиімділігі технологияларын дамытуға және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға бағытталған. «Мемлекет басшысының ғылымға және жас ғалымдарға көрсетіп отырған мұндай ерекше көңілі үшін шынайы алғысымды білдіремін. Бұл мен үшін күтпеген сыйлық болды. Әлі күнге дейін сене алар емеспін. Мен ұзақ уақыт бойы пәтерге өз күшіммен қаражат жинауға тырыстым, сондықтан бұл мен үшін орасан зор қолдау әрі алға қарай еңбек етіп, мемлекетке пайда келтіруге мотивация береді. Тағы бір айта кететіні, енді менің толықтай жабдықталған пәтерім бар. Бұл маған бар күш-жігерімді ғылымға арнауға мүмкіндік береді. Осындай бастама-

лар болашаққа деген сенімді арттырып, ғылыми қызметке, жаңа технологияларды өзіндік және білікті мамандар даярлауға толықтай назар аударуға жол ашады», – деп бөлісті Мадина Бақытжанқызы көрсетіліп отырған қолдаудың маңыздылығын атап өтіп. Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Физика-техникалық институтының ғылыми қызметкері, Электрхимия және ванадийлі ағынды батареялар зертханасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Арман Өмірзақовтың ғылыми еңбек өтілі 15 жылды құрайды. «Ақордада мен Президенттің қолынан өтеусіз негізде берілген пәтердің сертификатын алдым. Ал бүгін Алматы қаласында сол пәтерге қоныс аударып отырмын. Мемлекет ғылымды дамытуға және

гранттық жобаларды қолдауға үлкен көңіл бөліп отыр, бұл ғылыми қызметкерлер мен жас ғалымдарға алдағы жұмысқа және кәсіби есуге қуатты серпін береді», – деп бөлісті ғалым. Ол халықаралық рецензияланатын журналдарда жарияланған 20-дан астам ғылыми еңбектің авторы, сондай-ақ, Қазақстанның 8 патентінің тең авторы. Ғалымның зерттеулері энергетика саласындағы перспективалы бағыттарды, соның ішінде отын элементтері, микробатареялар және фотокаталитикалық материалдарды қамтиды. Негізгі ғылыми бағыттардың қатарында жұқа қабықшалы қатты оксидті отын элементтерін зерттеу, сондай-ақ, Nazarbayev University базасында литий-күкіртті микробатареяларды өзіндік зерттеу бар. Сонымен қатар ғалым ванадийлі ағынды батареялардың электролиттерін

және суды тазарту мен сутегі өндіруге арналған фотокаталитикалық материалдарды зерттеумен айналысады. Зерттеуші Erasmus+ бағдарламасы аясында Португалиядағы Авейру университетінде тағылымдамадан өтіп, халықаралық ғылыми жобаларды іске асыруға белсенді қатысады. Философия, саясаттану және дінтану институтының Әлеуметтану орталығының жетекшісі, аға ғылыми қызметкері, PhD Шырын Тіленшиева мемлекеттік қолдау ғылыми қызметке жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті. «Жеке баспанаға қол жеткізу бұл тек маңызды әлеуметтік қолдау ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулерді жалғастырып, отандық ғылымның дамуына үлес қосуға үлкен мотивация береді. Өсіресе пәтерде барлығы дайын екені ерекше қуантады. Пәтер толық жабдықталған, барлық қажетті заттар бар, қосымша ештеңе сатып алудың қажеті жоқ. Бұл бірден жұмысқа және ғылыми қызметке толық көңіл бөлуге мүмкіндік береді», – деді ол. Шырын Мұратқызының ғылыми еңбек өтілі 13 жыл, ол Scopus және Web of Science базаларына енген жарияланымдарды қоса алғанда 9 ғылыми мақаланың авторы, оқу құралының тең авторы және авторлық құқық иегері. Ғалым халықаралық және ұлттық ғылыми жобаларға, соның ішінде «Жас ғалым» бағдарламасы аясында қатысқан. Сонымен қатар ол International Society for Quality-of-Life Studies ұйымының білім беру грантының иегері және 2021-2025 жылдары осы ұйымның мүшесі болды. Президент бастамасымен жүргізіліп отырған жас ғалымдарды қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала береді және елдің ғылыми әлеуетін тұрақты дамытудың маңызды факторы саналады.

І ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖІӨ ӨСІМІ 3%-ДЫ ҚҰРАДЫ: ПРЕМЬЕР - МИНИСТР ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС СЕКТОРДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ӨСІМДІ АТАП ӨТТІ



«Арман Абайұлы, өткен аптада сізге ірі көтерме базарларда тәртіп орнатуы тапсырған болатынмын. Жасыратыны жоқ, ол жерлерде ел айтып жүргендей, «ұйымдасқан топтар» заңсыз әрекет етеді. Көкөніс, жеміс-жидек, ет және басқа да өнімдердің бағасы ешқандай негізсіз, қолдан көтеріледі. Міне, осыны нағыз делдалдық схемалар деп айтуға болады. Ішкі істер министрлігімен, Мемлекеттік кірістер комитетімен және Бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірге осы мәселемен нақты әрі жүйелі түрде айналысыңыз», — деп атап өтті Премьер-министр.

Бұл ретте үйлестірілген тарифтік саясат болжамды әрі инфляцияның мақсатты көрсеткіштеріне сәйкес келуі тиіс. Ұлттық экономика, Энергетика, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері тарифтер мен бензин бағасына мораторийдің аяқталуына байланысты олардың инфляция деңгейіне үлесін жоғарылатпау үшін шаралар қабылдауы қажет. Нарықтарды жүйелі түрде демонополизациялап, азық-түлік, отын, көлік және коммуналдық қызмет нарықтарында монополияға қарсы бақылауды күшейту керек. Осыған байланысты Ұлттық экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен және салалық мемлекеттік органдармен бірге аталған бағытта бірлескен жұмысты жалғастыруы қажет.

Экономика құрылымында екінші жыл қатарынан кен өндіру саласынан алда келе жатқан өңдеу өнеркәсібіне де назар аударылды. Бұл ретте нақты сектор-

ды ынталандыру үшін қосымша шаралар қабылдау қажет.

Өнеркәсіп министрлігіне бір ай ішінде металлургия мен химия өнеркәсібін қолдау, өнім номенклатурасын кеңейту және өндірістік қуаттардың әлеуетін ынталандыру шараларын әзірлеу тапсырылды.

«Самұрық-Қазына» қорына Сыртқы істер, Өнеркәсіп, Сауда министрліктерімен бірлесіп, отандық металлургия кәсіпорындарының өндірістік әлеуетін арттыру үшін құрамында алтыны бар импорттық және полиметалл шикізатын іздестіру және тарту жүктелді.

Энергетика министрлігіне Атырау облысындағы полипропилен компаниясының жобалық қуатына шығуын қамтамасыз ету міндеттелді. Сондай-ақ, Өнеркәсіп министрлігі өсудің қосымша резервтерін қамтамасыз ету шеңберінде 2026 жылға жоспарланған химия өнеркәсібінің кемінде 4 басым жобасын уақтылы іске қосуы тиіс.

Құрылыс саласында биыл тұрақты динамиканы қамтамасыз етуге баса назар аударылуға. Бұл ретте құрылыс маусымы ендігісі басталып кетсе де бірқатар жүйелі мәселе әлі күнге дейін шешімін таппай отырғаны аталып өтті. Нақты айтқанда, жыла берілетін тұрғын үйді қаржыландыру арқылы құрылыс жұмыстарын бірінші кезекте ынталандыру және жаңа құрылыс алаңдарына инженерлік инфрақұрылымды уақтылы тарту мәселесінде сұрақтар бар. Шын мәнінде бұған әкімдіктер тарапынан жете мән берілмей келеді, әрі жобаларды іске қосу бағытында да қарқынды жұмыс байқалмайды. Сондай-ақ, тұрғын

үй құрылысына 516 млрд теңге қажет деп ақпарат түскенімен, өңірлер 249 млрд теңгенің өтінімін ғана растаған. Бұл қажетті көлемнен шамамен екі есе төмен. Егер әкімдіктер тез арада тиісті шешім қабылдаса, тұрғын үй құрылысының қарқыны бойынша артта қалу қаупі туындап тұр. Осыған байланысты Ұлттық экономика және Қаржы министрліктеріне бір апта ішінде жергілікті бюджеттерге пайыздық мөлшерлемені өтеп, облигациялар бойынша негізгі борышты жабуға мүмкіндік беретін нақты тетіктерді әзірлеу, сондай-ақ, аталған құралдарға өңірлердің қатысуы үшін ашық жағдай жасау тапсырылды. Түйіндей айтқанда, нақты параметрлері мен қаржыландыру көздері айқындалған дайын шешімдер қажет.

Мұнай өндірудің жоспарлы деңгейін қамтамасыз ету үшін Энергетика министрлігіне ірі жер қойнауын пайдаланушылармен өндіріс көлемін ұлғайту шаралары бойынша келіссөздер жүргізуді тапсырылды. Елдің энергия ресурстарына деген сұранысын қанағаттандыру үшін газ өндіру қуатын арттыру қажет. Энергетика министрлігіне QazaqGaz және ҚазМұнайГаз компанияларымен бірлесіп, биыл Қашағанда көлемі 1 млрд текше метр болатын газ өңдеу зауытының құрылысын аяқтау, ал келесі жылдан басында Жаңаөзендегі зауытты пайдалануға беру жүктелді. Одан бөлек газ тасымалдау жүйесіне ерекше назар аударылды. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырының екінші желісін табысты жүзеге асыру – стратегиялық міндет, бұл қолжетімді газ көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Энергетика министрлігі осы орайда тиісті үйлестіру мен қатаң бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

Көлік саласында теміржол желісінің өткізу қабілетін жүйелі түрде арттыру, Ақтау мен Құрық порттарының инфрақұрылымын жаңғыртуды жеделдету және 11 мың шақырым автомобиль жолын құрылыс және жөндеу жұмыстарымен қамту тапсырылды.

АӨК бойынша Қаржы және Ауылшаруашылығы министрліктері астық тасымалдауға байланысты шығыстарды қосымша қаржыландыру мәселесін шешуі қажет, сондай-ақ, мал және егін шаруашылығы салалары бойынша қарыздарға кепілдік беру құралын жүзеге асыру үшін өзге де мемлекеттік органдармен және «Бәйтерек» холдингімен қажетті қаражат көздерін қарастыруы тиіс. Қаржы ресурстарының қолжетімділігін кеңейту тұрғысында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларға инвестициялық мақсаттар мен айналым қаражатын сатып алу үшін агроөнеркәсіп кешен субъектілерін қаржыландыруға мүмкіндік беру керек. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы, Ұлттық экономика министрліктері бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, екі апта ішінде Үкімет қаулысына тиісті өзгерістер енгізу тапсырылды.

Сөзін қорытындылай келе Премьер-министр биыл наурыз айында 2026 жылы экономикалық өсуді қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі кеңесте экономиканың өсу резервтерін ынталандыруға бағытталған тиісті шаралардың мақұлданғанын атап өтті, алайда кейбір мәселелер созылып кеткен. Бұл «Бәйтерек» холдингін капиталдандыруға және тұрғын үйге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту үшін әкімдіктердің мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруы жөніндегі шараларға қатысты. Сондай-ақ мемлекеттік кепілдік есебінен қаржыландыру жоспарланған автожол жобалары бойынша құжаттаманы сүйемелдеу процесі бауу жүріп жатыр. Экономиканың басым салаларында қосылған құнды арттыратын инвестициялық жобаларды анықтау жұмысының да тиімділігі төмен.

«Осы сұрақтардың бәрін жедел шешу керек. Әрбір басшыға салалар бойынша өсудің жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін тікелей жауапкершілік жүктелген. Осыны тағы да естеріңізге саламын. Конституцияның қабылдануымен еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басуда. Бұл орайда, мемлекеттік аппаратқа, бірінші кезекте басшыларға жаңа талаптар қойылады. Әрбір басшы өзінің жұмыс тәсіліне де, өзіне де түбегейлі жаңаша көзқараспен қарауға тиіс. Ол Мемлекет басшысы айқындаған жаңа талаптарға, жаңғырудың жаңа жалпыұлттық күн тәртібіне сәйкес келе ме? Әрбір басшыдан нақты нәтиже болуға тиіс. Бұны естен шығармаңыздар», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылғы қаңтар-наурыз айларындағы әлеуметтік - экономикалық даму қорытындысы мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды.

Онда қаржы министрі Мәди Такиев, энергетика министрі Ерлан Аққенжетов, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, ұлттық экономика вице - министрі Азамат Әмрин, Ұлттық банк төрағасының бірінші орынбасары Ерұлан Жамаубаев, сондай-ақ Атырау және Ақмола облыстарының әкімдері баяндама жасады.

«Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сапалы әрі орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл міндет өңдеу өнеркәсібін дамыту, инвестициялық белсенділікті арттыру, өндіріс орындарын технологиялық жаңғырту арқылы жүзеге асырылуда. Аталған кезеңде жалпы ішкі өнім нақты 3%-ға өсті. Бұл көрсеткіш шикізаттық емес секторда, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіндегі, көлік, құрылыс, сауда салаларындағы орнықты өсу есебінен қамтамасыз етілгенін айта кету керек», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Күрделі сыртқы экономикалық ахуалға қарамастан, шикізаттық емес сектор өзінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетіп отырғаны атап өтілді. Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша құрылыста – 14,8%, көлікте – 12,8% және өңдеу өнеркәсібінде – 8,5% деңгейінде ең жоғары өсім тіркелген.

Бірқатар облыста макроэкономикалық көрсеткіштердің жалпы өсуімен жекелеген бағыттар бойынша төмендеу тіркелді. Жоспарлы өсімді қамтамасыз ете алмаған Атырау және Ақмола облыстарының әкімдеріне қалыптасқан жағдайға талдау жүргізіп, қажетті шаралар қабылдай отырып, бақылауды күшейту тапсырылды.

Премьер-министр жыл соңына дейін 5%-дан жоғары деңгейде орнықты экономикалық өсімге қол жеткізу үшін бар күш-жігерді жұмылдырудың және шикізаттық емес салалардағы қолдағы бар резервтерді толық пайдаланудың маңыздылығын атап өтті.

Цифрлық шешімдер мен ЖИ енгізуді қоса алғанда, нақты өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру қажеттігіне баса назар аударылды.

«Бәсекелестік күннен күнге күшейіп келеді. Бос әңгімені доғаратын уақыт келді. Нақты іспен айналысу керек. Ірі өнеркәсіп және инфрақұрылым жобаларын жүзеге асырып, барлық салаға жасанды интеллектіні енгізу керек. Қаржылық тәртіпті қатаң сақтап, әлеуметтік қамсыздандырудың әділетті жүйесін қалыптастыру қажет. Қазіргідей бәріне бірдей емес, мемлекет шын мәнінде мұқтаж адамдарға ғана қолдау көрсетуі тиіс», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Отырыс барысында Премьер-министр бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, инфляциялық қысымды төмендету – маңызды міндет. Наурыз айында инфляция 11%-ға дейін төмендеді. Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешенінің сапалы орындалуын, сондай-ақ макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру барысын бақылауда ұстау қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ, ең бастысы, маңызды бағыттарда, соның ішінде азық-түлік өнімдерін шығаратын қолданыстағы өндірістерді локализациялау деңгейін арттырып, кеңейту қажет.

Ауылшаруашылығы министрлігіне мал шаруашылығында өнімділікті ұлғайтып, жылыжай, көкөніс және сүт өндірісін кеңейту, сондай-ақ, қайта өңдеу деңгейін тереңдету бағытында қосымша шаралар қабылдау тапсырылды. Сауда министрлігі көтерме-тарату инфрақұрылымын дамыту, заманауи құру жұмыстарын жандандыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз өсуін тежеуге тұрақты мониторинг жүргізіп, тиісті шаралар қабылдауды жалғастыру қажет.

Сондай-ақ, Сауда министрлігі өңірлермен бірлесіп, ішкі нарықты отандық өнімдермен толықтыру, делдалдық схемаларды анықтау және цифрландыру арқылы жеткізу тізбектерін қадағалау жұмыстарын күшейтуі керек.

СПОРТ

ҚАРАТАЛ АУДАНЫНДА БИЫЛ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ - САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ МЕН ДЗЮДО ЗАЛЫ САЛЫНАДЫ

Жетісу облысының Қаратал ауданындағы жаңа бокс залы жүйелі жұмыс істеп тұр. Бұл зал өткен жылдың желтоқсан айында ашылған болатын. Ал биыл аудан орталығында көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен дзюдо залы да салынады. Бұл туралы Қаратал ауданына барған сапары барысында белгілі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аталған аймақтағы бокс залына арнайы барған өңір басшысы жас спортшылардың жаттығуына куә болып, олармен тілдесті.

- Үштөбенің бокс мектебі елге танымал. Соның ішінде Атланта олимпиадасының қатысушысы, белгілі боксшы Михаил Юрченконың жетістіктері ерқашан сіздерге үлгі. Спортпен айналысқан адам тәртіпті, жинақы, жат едеттерден қашық болады. Сондықтан жақсылап жаттығып, мықты спортшы болыңдар. Сіздерге арнап осы бокс залымен қатар биыл бір жылдың ішінде дзюдо залын, сол сияқты көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салып береміз, - деген Бейбіт Исабаев балаларға спорт киімдерін тапсырды.

Қаратал аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Ермек Торғаевтың айтуынша, спорт мектебінде 1200-ден астам оқушы спорттың 14 түрімен айналысады, соның 87-сі бокс залында жаттығады.

- Қаратал ауданынан шыққан түлектер елімізді



үлкен жетістіктерімен қуантып келеді. Атап айтсам, біздің аймақтан бокстан Қазақстан ерлер құрамасына кірген әлем чемпионының қола жүлдегері Ертуған Зейнуллин, жастар арасында Азия біріншілігінің қола жүлдегері Мария Сидоренко шыққанын мақтанышпен айтамыз. Бүгінгі спорт мектебінің тәрбиеленушілеріне сол аға-әпкелерінің жолын лайықты жалғауға барлық мүмкіндік жасалған, - деді ол.

Жаңа бокс залының жұмысына қатысты ата-аналар да дән риза. Мәселен, Тілеулес Қанатбаев мұнда өз немересін жаттығу үйірмесіне тұрақты алып келеді.

- Немерем Медет боксқа өз қалауымен келді, қазір қызыға айналысып жүр. Жаңа залда балаларға тегін әрі са-

палы жаттығуға барлық жағдай жасалған. Мұндағы бапкерлердің бәрі - білікті мамандар. Кезінде өзім де бокспен айналыстым, Айдарбек Жапсарбаевтың шәкіртімін. Менің жолымды немеремнің жалғағанына қуаныштымын. Осы залдан елге танымал чемпиондар көптеп шығатынына сенеміз, - деді Т.Қанатбаев.

Жалпы ауданы 800 шаршы метрді құрайтын бір қабатты ғимаратта бокс және күрес залдары орналасқан. Тәулігіне 100 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар залдар заман талабына сай құрылғылармен жабдықталған. Былғары қолғап шеберлеріне арналған бокс залы кәсіби ринг, күрес залы су жаңа татами және қажетті жаттығу құралдарымен толыққан. Сонымен қатар нысанда киім ауыстыратын бөлмелер, душ кабиналары және жаттықтырушыларға арналған бөлмелер қарастырылған. Атап өтерлігі, мұнда тренажер залы да бар, аудан тұрғындарының кешкілік уақытта оны тегін пайдалануына мүмкіндік жасалған.

Жалпы, соңғы үш жыл ішінде облыста қайта салуды немесе жөндеуді қажет ететін спорт нысандарын жаңартудың деңгейі орта есеппен 79,6% жетті, яғни, 39 спорт нысаны жаңарды. Өңірде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатындар саны 300 мыңға жуықтаған, бұл жалпы халық санының 43,5%-ын құрап отыр.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»: ЖЕТІСУДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯДА ІЛЕ ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАЛАУЫ МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ТАЗАРТЫЛДЫ

Бүгін өңірде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аумақтарды тазарту, көгалдандыру және елді мекендерді санитарлық тазалау жұмыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар бекітілген жоспарға сәйкес Панфилов ауданында «7 OZEN» экологиялық акциясы өткізіліп, Іле өзенінің арнасы тазартылды. Оған 50 адам, 2 бірлік арнайы техника жұмылдырылып, 25 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылды.

Сондай-ақ, халықтың экологиялық мәдениетін арттыруға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыруға және



бірлік техника тартылып, 101 тонна қоқыс шығарылды, 1 710 ағаш көшеттері отырғызылды.

Облыс бойынша тазарту және көгалдандыру іс-шаралары басталғаннан бері 51 мыңнан астам адам қатысып, 913 бірлік техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 1 044 гектар аумақ



елді мекендердің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасын іске асыру шеңберінде Талдықорған, Текелі, Сарқан, Жаркент, Үштөбе және Үшарал қалаларында «Таза қала» экологиялық акциясы өткізілді.

Аталған іс-шара қала аумақтарын санитарлық тазартуға, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға, сондай-ақ, халықты, еріктілерді, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктер өкілдерін тарта отырып, аумақтарды көгалдандыруға бағытталды. Акция қорытындысы бойынша 2 800 адам қатысты, 41

тазартылып, 4 мың тонна қоқыс шығарылып, 40,9 мың ағаш көшеті отырғызылды.

Жетісу облысында «Таза Қазақстан» бағдарламасын іске асыру жалғасуда және ерекше бақылауда. Аталған акция өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға және халықтың қоршаған ортаға жауапты көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

ОБЛЫСТЫҚ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША.

АҚСУ АУДАНЫНДА КӨКТЕМГІ ЕГІС НАУҚАНЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Ақсу ауданында 2026 жылғы көктемгі егіс науқаны жоспарлы түрде жүзеге асырылып, ауыл шаруашылығы саласында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Аудан бойынша жалпы егіс алаңы 62 272 гектарды құрайды. Бұл көрсеткіш өңірдегі аграрлық әлеуеттің жоғары екенін айқындайды.

Көктемгі дала жұмыстарына аудан шаруашылықтары белсенді кіріскен. Солардың бірі – «Қыдырәлі» шаруа қожалығы. Аталған шаруашылықта егіс науқаны жүйелі ұйымдастырылып, барлық агротехникалық талаптар сақталуда. Биыл шаруашылықта бидай – 300 гектар, арпа – 100 гектар, соя – 70 гектар және қант қызылшасы – 50 гектар алқапқа кезіліпуде.

Мемлекеттік қолдау шаралары да өз нәтижесін беруде. «Кең Дала 2» бағдарламасы аясында 5 пайыздық жеңілдетілген мөлшерлеменен 84 млн. теңге несие алынып, көктемгі жұмыстарды уақытылы әрі сапалы жүргізуге мүмкіндік туғызылған. Сонымен қатар шаруашылық арзандатылған дизель отынымен толық қамтамасыз етілген.



Тыңайтқыш қоры да жеткілікті деңгейде қалыптастырылған. Атап айтқанда, 64 тонна селитра және 20 тонна аммофос дайындалған. Бұл өз кезегінде егіс өнімділігін арттыруға оң ықпал етпек.

Егіс науқаны белгіленген жоспарға сәйкес жүргізілуде. Барлық қажетті ресурстар жеткілікті, жұмыстар уақытылы атқарылып жатыр, - дейді шаруашылық өкілі Тасқын Мақашев.

Жалпы аудан бойынша дөңді және бұршақ дақылдары 29 150 гектар алқапты қамтиды. Оның ішінде бидай 13 350 га. арпа 9 640 га. жүгері 2 380 га. егілген.

Маңызды дақылдардың бірі – қант қызылшасы 2 600 гектарға жоспарланып, қазіргі таңда 1 100 гектарға немесе 42,3 пайызға орындалған.

Майлы дақылдар көлемі 14 725 гектарды құрайды. Оның ішінде күнбағыс – 320 гектар, мақсары – 680 гектар, майбұршақ – 5 850 гектар. Жемшөп дақылдарының жалпы көлемі 14 867,5 гектарды құрайды.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін аудан бойынша 42 шаруашылықтан өтінім қабылданып, 563,8 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінген. Тыңайтқыштармен қамтамасыз ету бағытында да жұмыстар жүргізілуде, жоспар 7 212 тонна.

Жалпы алғанда, Ақсу ауданында көктемгі егіс науқаны тұрақты бақылауда. Шаруашылықтар қажетті ресурстармен қамтамасыз етіліп, жұмыстар белгіленген мерзімде атқарылуда.

Мағжан ШЫНДӘУЛЕТ.

АЙТЫС ӨНЕРІНДЕГІ САРА ТАСТАНБЕКҚЫЗЫНЫҢ ТАРИХИ ОРНЫ

Айтыс – қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ерекше әрі көркем жанрлардың бірі. Бұл – суырыпсалма ақындардың жұрт алдында сөз жарыстырып, тапқырлықпен, біліммен, ақылмен сайысқа түсетін өнері. Айтыс қазақ халқының рухани мәдениетінде маңызды орын алады. Ол тек сөз сайысы ғана емес, халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік мәселелерін, арман-тілегін бейнелейтін маңызды өнер түрі.

Айтыс – әрі сын, әрі тәрбие құралы. Ақындар ел ішіндегі әділетсіздікті, кемшіліктерді батыл айтып отырған. Бұрынғы заманда айтыс тек өнер жарысы емес, кейде ел ішіндегі дауларды шешуде, тіпті маңызды мәселелерді талқылауда да үлкен рөл атқарған. Мысалы, Біржан мен Сараның, Жамбыл мен Құлмамбеттің, Шөже мен Кемпірбайдың айтыстары қазақ әдебиетінің алтын қорына енген.

Қазақ тарихында аты аңызға айналған айтыскерлер көп. Олардың қатарында Сүйінбай Аронұлы, Жамбыл Жабаев, Сара Тастанбекқызы, Орынбай, Бақтыбай сияқты тұлғалар ерекше орын алады.

Солардың ішінде Сара Тастанбекқызы XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі болып саналады. Ол Жетісу өңірінде дүниеге келіп, жастайынан-ақ ақындық қабілетімен танылған. Сара шығармашылығы әйел теңдігі, әлеуметтік әділетсіздік, адамгершілік мәселелерін көтеруімен ерекшеленеді. Оның поэзиясында нәзіктік пен батылдық қатар өріліп, қазақ әйелінің қоғамдағы орнын айқын көрсетеді.

Сараның есімін бүкіл қазақ даласына танытқан басты оқиға – оның Біржан сал Қожағұлұлымен айтысы. Бұл айтыс қазақ әдебиетінің алтын қорына енген көркем туынды болып табылады. Айтыс барысында Сара өзінің терең ойлы, білімді, батыл ақын екенін дәлелдеп, әйел теңдігі мен еркіндігі туралы өткір пікірлер айтады. Ол тек қарсыласымен сөз жарыстырып қана қоймай, сол дәуірдің өзекті мәселелерін көтере білді.



Сара Тастанбекқызы (1878-1916 жж.) Айтыскер ақын.

Сара Тастанбекқызының тарихи орны – айтыс өнеріндегі әйел ақындардың беделін арттыруында. Ол өз дәуірінде әйелдердің қоғамдық өмірге белсенді араласуына жол ашқан тұлғалардың бірі болды. Сонымен қатар, оның шығармалары арқылы қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік пен әйел тағдыры кеңінен көрініс тапты.

Ақынның мұрасы қазақ әдебиетінің дамуына зор ықпал етті. Оның айтыстары мен өлеңдері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, зерттеушілер тарапынан жоғары бағаланып келеді. Сараның шығармашылығы кейінгі ақындарға, әсіресе әйел ақындарға үлкен үлгі болды.

Қорытындылай келе, Сара Тастанбекқызы – айтыс өнерін жаңа деңгейге көтерген, қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған тарихи тұлға. Оның шығармашылығы халықтың рухани байлығын арттырып қана қоймай, қоғамдағы маңызды мәселелерді көтеруімен де құнды.

Айдана ДОСЖАНОВА,
Ақын Сараның мемориалды музейінің меңгерушісі.



Ақсу ауданы тағы бір тағылымы мол, рухани әрі спорттық мәні жоғары шараның куәсі болды. Ауданның ардақты азаматы, ұзақ жылдар бойы шәкірт тәрбиелеген білікті ұстаз, спорт ардагері Айдабаев Аюхан Мұханұлының құрметіне баскетболдан ардагерлер арасында аудандық турнир ұйымдастырылды. Бұл жарыс тек спорттық сайыс қана емес, ұрпақ сабақтастығын, салауатты өмір салтын және ұстазға деген құрметті дәріптеген тағылымды іс-шараға айналды.

Турнирге төрт команда қатысып, өзара бақ сынасты. Атап айтқанда, Алматы қаласынан арнайы келген аудан тумалары – «Алматы» командасы, Жансүгіров ауылының ардагерлері, Ақсу

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ, РУХАНИ ӘРІ СПОРТТЫҚ МӘНІ ЖОҒАРЫ ШАРА

ауылдық округінің «Қосағаш ардагерлері» командасы және Қапал құрамасы. Әр команда өз тәжірибесін, шеберлігін көрсетіп, көрермендерге тартысты әрі әсерлі ойын сыйлады.

Жарыстың ашылу салтанаты ерекше құрметпен өтті. Алғашқы сөз кезегін аудан әкімінің орынбасары Есжанов Ғазиз Отарбайұлы алып, турнирдің маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар Алматыдан арнайы келген қонақтар – спорт ардагері, 85 жасқа қадам басқан Хасенов Ұлан Хасенұлы, спорт ардагері Рамазанов Жұмабек ағамыз, турнирдің бас төрешісі, ұстаз Молдаберенов Талғат Боранбайұлы, Аюхан ағамыздың әпкесі Айдабаева Роза Мұханқызы және қызы Динара Аюханқызы жылы лебіздерін білдірді.

Салтанатты сәттердің бірі – Аюхан Мұханұлына құрмет көрсету болды. Алматыдан келген оның әріптесі Аханбаев Аслан Қошманұлы иығына шапан жауып, арнайы жіберілген I орын кубогы мен медальдарды табыстады. Бұл – шәкірт тәрбиелеп, сан жыл спорт пен білім саласына адал қызмет еткен азаматқа деген шынайы алғыс пен құрметтің көрінісі еді. Сонымен қатар, жарыстың бас жүлдесін бұрынғы аудан әкімі Қалимолда Байболов арнайы жібергені де шараның мәртебесін арттыра түсті.

Жарыс жоғары деңгейде, тартысты өтті. Нәтижесінде I орынды «Қосағаш ардагерлері» командасы жеңіп алса, II орынды Алматыдан келген қонақтар иеленді. III орын Жансүгіров ардагерлеріне бұйырса, Қапал командасы төртінші орынмен аяқтады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар табысталды: I орынға – 100 000 теңге, II орынға – 70 000 теңге, III орынға – 50 000 теңге, ал төртінші орынға – 40 000 теңге берілді.

Турнир аяқталған соң аудан орталығындағы "Махаббат" мейрамханасында қонақтарға арналып отбасының ақ дастарханы жайылды.

Бұл турнирдің басты кейіпкері – Айдабаев Аюхан Мұханұлы 1958 жылы Ақсу ауданында дүниеге келген. Ол Қ.Сәтбаев атындағы орта мектептің түлегі. 1981 жылы Балқаш педагогикалық училищесінің дене тәрбиесі бөлімін тәмамдап, білімін әрі қарай жалғастырып, Қазақтың физкультура институтына түсіп, 1990 жылы аяқтаған. Еңбек жолын Чапаев атындағы (қазіргі Сиқымов) орта мектебінде бастап, 40 жыл бойы ұстаздық етіп, зейнеткерлікке шықты. Оның шәкірттері түрлі деңгейдегі жарыстарда топ жарып, ауданның абыройын асқақтатты. Ерен еңбегі еленіп, 2014 жылы «Отан» медалімен және ҚР Білім және ғылым министрлігінің төсбелгісімен марапатталған.

Отбасы да өнегелі: жұбайы Айдабаева Әниә – зейнеткер ұстаз әрі кәсіби әнші. Аюхан ағамыздың өзі әуесқой музыкант, фото - видео камерамен той түсіреді. Қызы Динара – жоғары білімді ұстаз, Талдықорған қаласындағы №6 Макаренко мектебінің директоры, ал ұлы Жасұлан – жеке кәсіпкер. Бүгінде олардан тараған 4 немере, 2 шөбере – әулеттің жалғасы.

Бұл турнир – тек өткенді еске алу емес, бүгінгі мен болашақты байланыстыратын алтын көпір. Спорт – денсаулық кепілі ғана емес, ол тәртіпке, төзімділікке,

бірлікке тәрбиелейді. Ардагерлердің алаңдағы белсенділігі жас буынға үлгі болып, «қозғалыс – өмір» екенін тағы бір дәлелдеді.

Осындай тағылымды шаралар көбей берсе, ел ішінде салауатты өмір салты нығайып, аға буын мен жас ұрпақ арасындағы рухани байланыс тереңдей түсетіні сөзсіз.

Асхат САУҒАНБАЕВ,
«Облыстық бұқаралық - спорттық іс - шараларды өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу аудандық бөлімінің басшысы.

Ауыл шежіресін жаңғыртқан - өнер кеші

НАҒЫЗ ЕҢБЕК АЗАМАТЫ



Еңбек түбі береке- демекші, ұзақ жылдар бойы жеке шаруашылық ісін дөңгелетіп келе жатқан, шаруа басшысы, ауылымыздың бетке ұстар азаматы, мейірімділігі мен қайырымдылығы мол жан Молдағалиев Серік Қуатұлының еңбегін ерекше атап айтпасқа болмайды. Себебі, көктемгі науқан уақыты басталғаннан, сонау күзгі жиын- терін уақыты біткенше өзінің жеке шаруасымен айналысса, суық түсісімен қыстай ауыл тұрғындарын қыстық отынмен яғни, көмірмен қамтамасыз етіп келе жатқанына талай жылдың жүзі болды. Бұлда екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс деп білемін. Бұл нағыз азаматқа тән қасиет, адами тұрғыдан қарағанда ауыл тұрғындарына істеген игі ісі екені белгілі.

Сондай-ақ, қарамағындағы ауылдың бірнеше отбасын жұмыспен қамтып отыр. Бұлда адамдарға жасаған көмегінің бірі. Осындай жал- дар бойы, өзінің тынымсыз еңбегінің жемісін, берекесін көріп келе жатқан Серікке ай- тар алғысымыз шексіз. Еңбегі одан әрі жанданып, алар өнімі мол болып, жанұясымен тек жақсылықтар көрсін демекпін. Өзінің адал еңбегінің арқасында, жетер жетістігі көп таусылмасын.

Перизат МҰХАМЕТАЛИНА.
Көкезек ауылы.



Есеболатов ауылдық мәдениет үйінде "Жыл жемісі - өнер өрісі" атты, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туылғанына 95 жыл, қазақ әншісі, әрі сазгер Дөнеш Рақышевтың туылғанына 100 жыл, күйші, композитор Рақым Тәжібаевтың туылғанына 80 жас, композитор, дирижер Әли Алпысбаевтың 70 жас мерейтойлары қарсаңында ауыл көркемөнерпаздарының қортынды есеп беру концерті өтті.

Аталған шараға "Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Сайлаубеков Алмат Алмасұлы басқарған комиссия құрамы бастап келді.

Жылдық есеп беру концертінде аталған мерейтой иелерінің шығармалары орындалып, жергілікті композиторлардың өндері шырқалды.

Ауылымыздың мәдени өмірінде айрықша орын алар, рухани тынысымызды кеңейтіп, жүректерімізді жылытқан мәдениет үйінің жылдық есеп беру концерті жоғары деңгейде, ерекше әсермен өтті. Бұл кеш

– тек есеп беру ғана емес, өткен жылдың өнердегі жетістіктерін саралап, елдің еңсесін көтерген, ұлт руханиятының шырағын жаққан тағылымды басқосу болды.

Сахна шымылдығы ашылған сәттен - ақ көрермен жүрегі баураған үйірме қатысушыларының, өнерпаз балалардың ән мен күй, мың бұралған би, тағылымды қойылымдар – бәрі де ауыл өнерпаздарының талмай еңбектеніп, шынайы өнерге деген адалдығының айқын көрінісі еді. Өрбір концерттік нөмірден туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтарға деген құрмет айқын сезіліп тұрды. Бұл – ауыл мәдениетінің тамыры тереңде, болашағы баянды екенінің дәлелі.

Біз, ауылдың ақсақалдары, осындай игі шараның ұйымдастырылуына ұйытқы болып жүрген аудандық, ауылдық мәдениет үйінің қызметкерлеріне, өнерпаз жастарға, жетекшілерге шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздердің еңбектеріңіз – елдің рухани байлығының артуына қосылған өлшеусіз үлес.

Сонымен қатар, ауданнан арнайы ат басын бұрып келген "Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Сайлаубеков Алмат Алмасұлы басқарған комиссия құрамын бастап келген, басшылық өкілдері оң бағаларын беріп, әрбір өнерпаздың өнеріне берген ұтымды бағалауларына ризашылығымызды жеткіземіз. Ел ішіндегі мәдениеттің дамуына үнемі қолдау көрсетіп, ауыл өнеріне жанашырлық танытып жүргендеріңіз – біз үшін үлкен демеу. Сіздердің қолдауларыңызбен ауыл мәдениеті жаңа белестерді бағындырары сөзсіз.

Бұл кеш – өткеннің есебі ғана емес, келешекке деген сенімнің нышаны. Өнері өрге жүзген елдің рухы биік, болашағы берік болмақ. Ауылымыздың мәдениеті мәңгі жасай берсін, өнердің оты ешқашан сөнбесін!

**Ізгі ниетпен:
АУЫЛ АҚСАҚАЛДАРЫ
ЖӘНЕ ӘЖЕЛЕР АНСАМБЛІ.**

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА БЕЛСЕНЕ АТСАЛЫСАЙЫҚ!

«Таза Қазақстан» бағдарламасы – ел көлемінде қоршаған ортаны қорғауға, туған жердің тазалығын сақтауға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Бұл игі шара біздің ауданымызда да өз жалғасын тауып, нақты істер арқылы жүзеге асырылып келеді.

Атап айтқанда, әр бейсенбі сайын «Таза бейсенбі» акциясы тұрақты түрде өткізіліп, сенбі күндері дәстүрлі сенбіліктер ұйымдастырылуда. Мұндай шаралар тек тазалықты қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрғындардың туған жерге деген жанашырлығын арттырып, ортақ іске жұмылуына үлкен серпін беруде.

Соңғы уақытта ауылымызда бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды. Ауылдың екі жақ кіреберісі қоқыстардан толық тазартылып, келбетіне көрік кірді.

Аталмыш шараға Ақсу политехникалық колледжінен 50 адам, аудан орталығындағы үш мектеп пен балабақшалар, жалпы аудандық білім бөлімі саласынан 100 адам, орталық аурухана ұжымынан 50 адам, басқа да барлық мекеме ұйымдарды қосқанда жалпы саны 300 - дей адам қатысып, өздеріне бөлініп берілген жерлерді тазалады.

Тазалық акцияларына қаншама техникалар да жұмылдырылды. Себебі жинап қойған қоқыстар ертең жел соқса қайтадан шашылатын белгілі. Тракторлар мен камаздар жиналған қоқыстарды сырттағы қоқыс төгетін орындарға апарумен болды.

Сенбіліктерді аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы бастап аудан әкімінің орынбасарлары, аппараты, аудандық тұрғын үй мекемесі қадағалап, өздері де



сенбіліктерге белсене араласты.

Бұл – ауылға сырттан келетін қонақтар үшін де, жергілікті тұрғындар үшін де жағымды әсер қалдыратын маңызды өзгеріс. Сонымен қатар, орталық саябақта тазалық жұмыстары жүргізіліп, демалуға қолайлы орта қалыптастырылды.

Пушкин көшесіндегі үш қабатты тұрғын үйдің айналасы да назардан тыс қалмады.

Аумағы толық тазартылып, тегістеліп, абаттандырылды. Ең бастысы – бұл жерге ағаш көшеттері отырғызылып, жасыл желекті көбейтуге нақты қадам жасалды. Мұндай жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатыны сөзсіз.

Себебі, тұрғын үйдің алдына автотұрақтар мен артына балалар ойнайтын алаң салынады деген жоспар да бар.



Тазалық – тек арнайы күндері ғана емес, күнделікті өмір салтына айналуы тиіс құндылық. Осы ретте барлық ауыл тұрғындарын тазалық жұмыстарына белсене қатысуға шақырамыз. Әр адам өз ауласын, өз көшесін таза ұстаса, ауылымыз одан әрі көркейіп түседі.

Алдымызда мамыр айының мерекелері келе жатыр. Бұл – ауылымызды одан әрі ажарландырып, қонақтарды таза әрі көрікті ортада қарсы алуға тамаша мүмкіндік. Бірлік пен ынтымақтың арқасында біз туған жерімізді таза, көркем әрі жайлы мекенге айналдыра аламыз.

Туған жердің тазалығы – әрқайсымыздың ортақ жауапкершілігіміз. Еңдеше, игі бастамалардан шет қалмай, «Таза Қазақстан» бағдарламасына белсенді атсалысайық!

Өрине, "Тазалық жинағаннан емес, шашпағаннан" екенін ұмытпай жиналған жерлерді қайтадан шашпауға ауыл тұрғындарын шақырамыз.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

АҚСУ АУДАНЫНДА СУАРМАЛЫ ЕГІНШІЛІКТІ ДАМУ: АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАР



«Көлдей» каналының 1,6 (км) шақырымын.
«Көлдей-1» каналының 3,1 (км) шақырымын.
«Аралтоған» каналының 1,178 (км) шақырымын.
«Ақтоған» каналының 6,913 (км) шақырымын.
Қарашілік ауылдық округі бойынша;
«Құлжаман» каналының 7,43 (км) шақырымын.
«Есиркемес» каналының 2,727 (км) шақырымын.
Есеболатов ауылдық округі бойынша;
«Тоқпан» каналының 2,0 (км) шақырымын.
Ойтоған ауылдық округі бойынша;
«Смағұл-2» каналының 2,199 (км) шақырымын.
«Ойтоған» каналының 5,725 (км) шақырымын.
Суықсай ауылдық округі бойынша;
«Мыңжасар» каналының 6,5 (км) шақырымын.
Арасан ауылдық округі бойынша;
«Верхний» каналының 6,6 (км) шақырымын.
«Казачий» каналының 4,7 (км) шақырымын.
«Осипов» каналының 4,027 (км) шақырымын.

Механикалық тазалауға жататын каналдардың жалпы ұзындығы 60,6 (км) шақырымды құрайды.

Ақсу өндірістік учаскесінің қызметкерлері тарапынан 2025 жылдың осы күнге дейінгі уақыт аралығында су тораптарына және су берілетін каналдарға төмендегідей ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді: «Жоғарғы, Төменгі Ақсу су тораптарына, және «Құрақсу су торабына» ағымдағы ағарту, сырлау және өзен арналарын арам шөптен ағаштардан тазалау жұмыстары және «Құрақсу су торабына» механикалық тазалау жолмен тазарту жұмыстары жүргізілді.

Жансүгіров ауылдық округі бойынша: «Солжағалау» магистралды каналына 0,87 м3 болатын бетон жұмыстары.

«КРХ-1-2» су бөлу каналына 3,565 м3 болатын бетон жұмыстары және гидротехникалық құрылыстарға (ГТС) ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді. «КРХ-1-2» тоғаны бойынша 2,8 шақырымын қызметкерлер күшімен тазалау жұмыстары жүргізілді;

Есеболатов ауылдық округі бойынша: «Оңжағалау» магистралды канал бойынша 2,7 м3 болатын бетон жұмыстарын және 6 дана - гидротехникалық құрылыстарына (ГТС) ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ақсу ауылдық округі бойынша: «Емелелі» су бөлу каналы бойынша 2,98 м3 болатын бетон жұмыстары жүргізілді.

Суықсай ауылдық округі бойынша: «Мыңжасар» магистралды каналы бойынша 5,5 м3 болатын бетон жұмыстарын және 5 дана - гидротехникалық құрылыстары (ГТС) ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2025 жылы егістік алқаптарына суармалы су беру мәселесі 14 сәуірде басталды. Жалпы келісім шартқа отырған ауылшаруашылық субъектілер саны – 924, суаруға жататын жердің көлемі 16 274 га.-ды құрады, берілетін судың көлемі 148 925 млн м3. Нақты берілген су көлемі 119,538 млн м3.

2026 жылдың қантар, ақпан айларында ҚР Су Ресурстары және Ирригация Министрлігінің, Балқаш – Алакөл инспекциясының және Қазсушар» РМК-ның «Жетісу» филиалы директорының орынбасарлары мен су пайдалану бөлімінің мамандарының қатысуларымен аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне билинг жүйесінің жұмыс тәртібін түсіндіру бойынша жиындар өткізілді. Әр ауылдық округ әкімдеріне жоғарыда көрсетілген шаруа қожалықтармен жасалатын келісім шарттар электронды түрге ауысатыны жөнінде хабарламалар мен хаттар жолданды. Әр ауылдық округтердегі су мамандарының чаттарындағы шаруа қожалық иелерінің «WhatsApp» желілеріне хабарлама ретінде жолданды.

Қазіргі кезде аудан көлеміндегі шаруа қожалықтарымен электронды келісім шарт жасау жұмысы жалғасуда. Шаруа қожалық иелеріне суды үнемдеу технологиясын қолдану керектігін және суды сұраныссыз немесе келісім шартсыз пайдалану заңға қайшы екендігін, алынған судың ақысын шартта көрсетілген уақыттан кешіктірмей өтелуі керектігі жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

А.НҮРГЕЛДИН,
ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Жетісу» филиалы Ақсу өндірістік учаскесі бастығы.

су каналдарының 190,13 км. темірбетон жабынғысымен қапталған, ал 772,2 км. немесе 80,2% жер тоғандары мен «Жоғарғы Ақсу су торабы», «Төменгі Ақсу су торабы», «Құрақсу су торабы» және «Бүйен» өзені арқылы аудан аумағындағы шаруа қожалықтардың суармалы егістік жерлерін сумен қамтамасыз ету мақсатында, су жеткізу қызметін көрсетеді.

Келтірілген цифрларға сәйкес суармалы егістік алқаптарға су жеткізу мәселесі қаншалықты қиын екенін бағамдауға болады. Осы аталып отырған қиыншылықтарды жеңу жолында 2025 жылдың вегетациялық маусым кезінде төмендегідей жұмыстар атқарылды:

Қазіргі уақытта «Ислам Даму Банкі» мекемесі қаржыландыратын «Ақсу ауданының ирригациялық жүйелеріне қайта жаңғырту (Реконструкция) жұмыстарын атқару» жобасы аясында Ақсу ауданы бойынша су каналдарына күрделі жөндеу жұмыстарын атқару үшін мердігерлік ұйым ретінде «АСПМК-519» ЖШС - гі белгіленген. Басталуы уақыты 28.04.2025 жыл. Аяқталу уақыты 2026 жылдың қазан айы. «Техникалық қадағалау жөніндегі мердігерлік ұйым ретінде «Темел Су Япы» ЖШС - гі атанды. Аваторлық қадағалау ұйымы ретінде «Джанекенов атындағы жобалау институты» ЖШС - гі болса, Тапсырыс беруші ұйым «Қазсушар» РМК мекемесі.

Жобаның жалпы құны 4 995 197 206, 91 (Төрт миллиард тоғыз жүз тоқсан бес миллион бір жүз тоқсан жеті мың екі жүз алты теңге тоқсан бір тиынды) құрайды. Құрылыс жөндеу жұмыстарына тоқталатын болсам:

Бүгінгі күнге жоба аясында «Г 10,15 30-2» темір бетон блоктары 10 785 м. қойылуы қажет болса, бүгінгі күнге қойылғаны 7784 м. қойылмағаны 3001 м, Орындалу көрсеткіші 72,2%.

Жоғарыда көрсетілген «Г 10,15 30-2» темір бетон блоктары төменде аталған ауылдық округтердегі магистралды каналдарға орнатылды.

Қарашілік ауылдық округіндегі: «Қаратоған» магистралды каналына жоспар бойынша 2470 метр.

Оның ішінде орнатылғаны 2430 метр, қалғаны 40 метр.

«Танеке» магистралды каналына жоспар бойынша 650 метр.

Оның ішінде орнатылғаны 566 метр, қалғаны 84 метр.

Жансүгіров ауылдық округіндегі:

«Солжағалау» магистралды каналына жоспар бойынша 3771 метр.

Оның ішінде орнатылғаны 2810 метр, қалғаны 961 метр.

«Алтынарық» магистралды каналына жоспар бойынша 378 метр.

Оның ішінде орнатылғаны 328 метр, қалғаны 50 метр.

Сырттанов ауылдық округіндегі:

«ВРХ-1» каналына жоспар бойынша 1536 метр.

Оның ішінде орнатылғаны 750 метр, қалғаны 786 метр.

Ақсу ауданы – ауылшаруашылығы негізгі тірек саласына айналған өңірлердің бірі. Аудан экономикасының тұрақты дамуы, ең алдымен, суармалы егіншіліктің тиімді ұйымдастырылуына тікелей байланысты. Осы ретте егіс алқаптарын сумен қамтамасыз ету мәселесі әрдайым өзекті болып келеді.

Аудан аумағындағы негізгі су көздері – Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Басқан және Сарқан өзендері. Оның ішінде Басқан мен Сарқан өзендері көршілес Сарқан ауданынан бастау алып, Ақсу аумағы арқылы өтсе, қалған өзендер аудан ішіндегі шаруашылықтарға тікелей қызмет көрсетеді. Бұл су арналары ауылшаруашылығы алқаптарын суарудың басты тірегі саналады.

Бүгінде Ақсу өндірістік учаскесінің теңгерімінде жалпы ұзындығы 962,33 шақырым болатын су арналары бар. Оның 190,13 шақырымы темірбетонмен қапталған болса, қалған 772,2 шақырымы жер каналдары болып табылады. Сонымен қатар «Жоғарғы Ақсу», «Төменгі Ақсу», «Құрақсу» су тораптары мен Бүйен өзені арқылы мыңдаған гектар егістік жерлерге су жеткізіледі. Бұл көрсеткіштердің өзі су жеткізу жүйесінің қаншалықты күрделі екенін аңғартады.

Осы қиындықтарды шешу мақсатында 2025 жылғы вегетациялық кезеңде ауқымды жұмыстар қолға алынды. Соның ішінде «Ақсу ауданының ирригациялық жүйелерін қайта жаңғырту» жобасы ерекше маңызға ие. Аталған жоба халықаралық қаржы институтының қолдауымен жүзеге асырылып, оның жалпы құны шамамен 5 миллиард теңгені құрайды. Жобаның басталу мерзімі – 2025 жылдың сәуір айы, ал аяқталуы 2026 жылдың қазан айына жоспарланған.

Қазіргі таңда құрылыс-жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Магистралды каналдарға темірбетон блоктарын орнату жұмыстары 72 пайыздан астам орындалды. Атап айтқанда, Қарашілік, Жансүгіров және Сырттанов ауылдық округтеріндегі негізгі каналдарда жұмыстар қарқынды жүреді. Сонымен қатар темірбетон науаларды орнату деңгейі 63 пайызға жетті.

Дегенмен, су құрылыстарын жаңарту жұмыстары әлі де баяу жүреді. Жоспарланған 170 нысанның тек 27-сі ғана орнатылған. Бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру – алдағы кезеңнің басты міндеттерінің бірі.

Су жүйелерінің тиімді жұмыс істеуі тек құрылыс жұмыстарымен шектелмейді. Каналдарды тұрақты түрде тазалап отыру да аса маңызды. 2025 жылы аудан бойынша 37,7 шақырым канал механикалық тазалаудан өтті. Оның ішінде Қаракөз, Ақсу, Сырттанов, Қызылағаш және Қарашілік ауылдық округтерінде нақты жұмыстар жүргізілді.

Ал, 2026 жылға жоспарланған тазалау жұмыстарының жалпы көлемі 60,6 шақырымды құрайды. Бұл жұмыстар бірнеше ауылдық округтерді қамтып, су өткізу қабілетін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар ағымдағы жөндеу жұмыстары да жүйелі түрде атқарылуда. Су тораптары мен каналдарда бетондау, сырлау, тазалау және гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл шаралар су жүйесінің сенімділігін арттырып, апаттық жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді.

2025 жылы су беру маусымы 14 сәуірде басталды. Жалпы саны 924 ауыл шаруашылығы субъектісімен келісімшарт жасалып, 16 мың гектардан астам жер суаруға қамтылды. Жоспарланған су көлемі толық игерілмегенімен, нақты берілген су мөлшері де айтарлықтай жоғары болды.

Соңғы уақытта су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. 2026 жылдың басында шаруаларға су пайдалану бойынша жаңа билинг жүйесі түсіндіріліп, келісімшарттарды электронды форматқа көшіру жұмыстары басталды. Бұл өз кезегінде су есебін нақты жүргізуге және ашықтықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мамандар тарапынан шаруаларға суды үнемдеу технологияларын енгізу, келісімшартсыз су пайдаланбау және төлем тәртібін сақтау жөнінде тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қорытындылай келе, Ақсу ауданында суармалы егіншілікті дамыту бағытында жүйелі әрі ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Инфрақұрылымды жаңғырту, каналдарды тазалау және цифрландыру шаралары алдағы уақытта су тапшылығы мәселесін азайтып, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға зор ықпал етпек.

Енді атқарылған жұмыстарға нақтырақ тоқталсақ.

Ақсу өндірістік учаскесінің теңгерімінде жалпы ұзындығы 962,33 км.-ді құрайтын

Тияс пен Қуат Жырлаған – Қасиетті Сағабүйен!

Жетісу облысының ең бір көрікті жері — Ақсу ауданына қарасты Сағабүйен ауылы. Бұл мекен тек табиғатымен ғана емес, тарихымен және осы топырақтан шыққан айтулы тұлғаларымен ерекшеленеді. Сағабүйен — Жетісудың құлагер ақыны Ілияс Жансүгіровтің кіндік қаны тамған қасиетті Ақсу өңірінің бір бөлшегі. Ақын өзінің «Жетісу суреттері» атты әйгілі жыр-жырында: «Ақсу, Бүйен, Сарқан ба, Басқан, Лепсі, Бұлардың арасында асу бермей, Асқар тау — Алатаудың ақ иесі...» деп, Бүйен өзенін осы өлкенің бес негізгі суының бірі ретінде мақтанышпен жырлаған.

Бұл топырақ — тек Ілиястың ғана емес, атақты айтыс ақыны, жыр жүйрігі Қуат Терібаевтың да алтын бесігі. Осы Сағабүйенде туып-өскен Қуат ақын өзінің отты жырларында Бүйеннің ағысын, туған жердің қасиетін бүкіл елге паш етті. Ол үшін Сағабүйен — шабыттың қайнар көзі, бабалардың аманаты еді. Ақын жырлаған сол берекелі ауыл бүгінде рухы биік, мәдениеті бай мекен ретінде мақтанышпен бой түзейді.

Ауылдың дәл ортасынан ағып жатқан арынды Бүйен өзені — тіршіліктің нағыз нәрі. Оның үстіндегі еңселі көпір ауылдың басты белгісі іспеттес. Бұл көпір жай ғана өткел емес, қала мен даланы жалғап жатқан үлкен күре жолдың, республикалық маңызы бар трассаның ажырамас бөлігі. Күн сайын осы жолмен жүздеген көлік өтіп, жолаушылар Сағабүйеннің әсем көрінісіне тәнті болады. Әсіресе жаз айларында қаланың ыстығынан қашқан туристер осы өзеннің



Мөлдір суы мен салқын самалына сусындау үшін арнайы ат басын бұрады.

Мен үшін бұл ауылдың орны бөлек, өйткені мен осы топырақта ау-

нап, жусанының иісін иіскеп өстім. Кішкентайымнан Бүйен өзенінің сыңғырын естіп, ыстық топырағында асыр салып өскендіктен, әрбір тасы маған таныс ері ыстық. Сол кездегі жусанның ащы да хош жұпары менің балалық шағымның символындай. Осы қасиетті жердің топырағында өскен әр баланың бойында Бүйеннің ағысындай қайсарлық пен Жетісу тауларындай асқақ рух сіңіп қалатыны хақ.

Сағабүйеннің әрбір сай-саласы мен тау шатқалы аңызға тұнып тұр. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, махаббаттың символына айналған Еңлік пен Кебек қуғыннан қашып, дәл осы Бүйен өзенінің бойын паналаған деседі. Бұл аңыз өңірдің тылсым табиғатына ерекше құпия мен сұлулық сыйлайды. Сонымен қатар, бұл топырақ — нағыз балуандардың мекені. Бүгінде ауылдың атын облыс пен республикаға танытып жүрген болат білекті Еламан Қадірсейітов — осы Сағабүйеннің мақтанышы. Оның боз кілемдегі жеңістері бүгінгі жастарға күш-жігер беріп, отансүйіштікке тәрбиелейді.

Осылайша, Ілияс пен Қуаттың жырымен өрілген, аңызы мен ақиқаты астасқан Сағабүйен ауылы — Жетісудың нағыз мақтанышы. Бүйен өзенінің үстіндегі көпірден өткен әрбір жолаушы осы құт қонған мекеннің жылуын сезініп, жусан иісі аңқыған қазақы ауылдың қадірін түсінгендей болады.

Зарина ДЕМЕСІН,
«Сағакүрес негізгі орта мектебі»
түлегі.

Салт-дәстүр елдігіміздің айнасы



Жыл сайын Наурызды тойлау қазақ елі үшін, дәстүрге айналған үлкен мереке. Бұл Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесі яғни, қазақтың жаңа жылы. Бізге мектепте білім берумен бірге, сынып жетекшіміз, тәжірибелі де, ұлағатты ұстаз Ербатырова Айжан апайымыз осы өзіміздің салт-дәстүрімізді

де дәріптеуге үйретіп келеді. Олай дейтінім, жылда - Наурыз мерекесіне арналған іс - шараны біз өз сыныбымызда ерекше өткіземіз. Биылда апайымыздың дайындауымен сыныбымызда «Салт-дәстүр елдігіміздің айнасы» атты іс-шара өтті. Сынып болып Наурыз жайлы өлең жолдарын оқимыз, ән айтып,



би билейміз, қазақтың ұлттық ойындарын көрсетеміз.

Сонымен қатар іс-шарамызға аналарымыз, апаларымыз қатысып, қазақтың салт-дәстүрлерін көрсетіп, айтып береді. Осылайша біз Наурыз мерекесіне арналған іс-шарамызды әсерлі, тартымды, көңілді етіп өткіземіз.

Айару МАДИЯРҚЫЗЫ,
Қуат Терібаев атындағы орта мектебінің оқушысы.

МАЛ ҰРЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ - ОРТАҚ МІНДЕТ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



Ауылшаруашылығымен айналысатын өңірлер үшін мал — негізгі табыс көзі және халықтың тұрмыс-тіршілігінің маңызды бөлігі. Сондықтан мал ұрлығы мәселесі қоғамда ерекше алаңдаушылық туғызады. Мал ұрлығы тек жеке азаматтарға ғана емес, жалпы ауылшаруашылығының дамуына да кері әсерін тигізеді.

Жаңалық ауылдық округі аумағында «Мал ұрлығына тосқауыл» жұмыс тобының жоспары бекітілді. Ауылдық округ әкімшілік қызметкері, учаскелік полиция қызметкері, ауылдық ветеринариялық пункт қызметкері, ауылдық қауымдастық мүшелерімен және шаруа қожалық басшыларымен құрылған мониторинг тобы құрылды.

Қазіргі уақытта мал ұрлығының алдын алу мақсатында бірқатар профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, ауылдық округ аумағында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, тұрғындарға малды қараусыз қалдырмау, малды белгілеу (таңбалау) және құжаттарын реттеу қажеттілігі түсіндірілуде. Сонымен қатар, жайылымдық жерлерде бақылау күшейтіліп, рейдтік іс-шаралар жүргізілуде.

Мал иелері де қауіпсіздік шараларын сақтауы қажет. Малды түнгі уақытта қараусыз қалдырмау, қора - жайларды нығайту, малдың санын есепке алып отыру, мүмкіндігінше бейнебақылау құралдарын пайдалану сияқты қарапайым шаралар мал ұрлығының алдын алуға көмектеседі. Сонымен қатар, күмәнді жағдайлар байқалған жағдайда дереу құқық қорғау органдарына хабарлау маңызды.

Мал ұрлығы — заңмен қатаң жазаланатын қылмыс. Сондықтан әрбір азамат заң талаптарын сақтап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге өз үлесін қосуы тиіс. Тек бірлескен әрекет арқылы ғана мал ұрлығының алдын алып, ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі мен әлауқатын сақтауға болады.

Г.ЫДЫРЫШБАЕВА,
Жаңалық ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі.

БАСПАСӨЗ - 2026

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор -
бас редактор
ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2536

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.